

**Білім беру саласы:** “Таным”, “Шығармашылық”  
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Жаратылыстану, Сурет салу.  
**Тақырыбы:** “Ел қорғауға әзірміз”, “Отшашу” .



**«Алтын сақа» ересек тобы**  
**Тәрбиеші: А.К Туркистанова**

**Білім беру саласы:** “Таным” , “Шығармашылық”

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Жаратылыстану, Сурет салу.

**Тақырыбы:** “Ел қорғауға әзірміз”, “Отшашу” .

**Мақсаты:**

**Білімділігі:**Еліміздің әскери батыры,ел қорғаған ержүрек жауынгерлер сарбаздар туралы түсінік беру. Отшашу туралы өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету.

**Дамытушылығы:**Ойлау қабілеттерін дамыту.От шашу суретін салу,ой-қиялдарын дамыта отырып, шығармашылық қабілеттерін ашу.

**Тәрбиелігі:** Отанын, елін, жерін сүюге тәрбиелеу арқылы патриоттық сезімдерін ояту.Ұқыптылыққа баулу.Жұмысты соңына дейін бітіріп әрекет етуге тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Түсіндіру,бейнетақта арқылы көрсету,дидактикалық ойын,сергіту сәті,сұрақ-жауап.

**Көрнекілігі:**Слайд,үлестірмелі суреттер,жалаушалар,үш түрлі бояу,сурет салуға арналған түтікшелер.

**Жүру барысы:**

**Шаттық шеңбері**

Мына сұлу әлемде ,

Адам өмір сүреді.

Үлкенге де,кішіге,

Күн сәулесін төгеді.

Сәлем дейміз күнге біз,

Сәлем дейміз жерге біз.

Сәлем дейміз баршаға,

Достар менен бақшаға.

**Тәрбиеші:** Балалар бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметі «Жаратылыстану», «Сурет салу» Бүгінгі тақырып «Ел қорғауға әзірміз», «Отшашу»

**Тәрбиеші::**

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілінде неше ай бар?

**Балалар:** Көктем мезгілі,наурыз,сәуір,мамыр

**Тәрбиеші:** Қазіргі ай қалай аталады?

**Балалар:** Мамыр айы деп аталады.

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасындар балалар,осы мамыр айы мерекелерге толы ай.

Жақында 1-мамыр күні біз «Халықтар достығы» мерекесін атап өттік.Ал бүгін

«Отан қорғаушылар» мерекесі. Отан қорғаушылар дегеніміз ,ол біздің аға,

тәтелеріміз. Оларды әскер қатарына шақырып,олар Отан алдындағы борышын өтеп

сарбаз атанады. Олар Отанды,елімізді,жерімізді қауіп-қатерден,сыртқы жаулардан

қорғап,біздің тыныштығымызды ,түнгі ұйқымызды күзетеді. Сарбаздың түрлері көп.

Сарбаздар көк аспанда да,теңізде де, жерде қызмет атқарады. Аспанда ұшатын

сарбазды ұшқыш деп атаймыз.Ол ұшақта арнайы бас киімін киіп аспанды

шарлайды. Парашютпен секіретін де осы ұшқыш. Теңізде жүзетін сарбазды теңізші

деп атаймыз. Оның да өз киім үлгісі болады. Ол кемелерді жүргізеді. Жерде біздің тыныштығымызды күзететін сарбазды шекарашы деп атаймыз. Ол екі елдің шекарасын күзетеді. Оның өз киім үлгісі болады. Қолында дүрбісі, қасында сенімді серігі иті болады. Енді сендермен білімдеріңді тексеріп ойын ойнайық.

**Дидактикалық ойын:** «Сарбазға керек затта тауып көр»

**Ойынның шарты:** Үлестірмелі суреттер ішінен ұшқыш, теңізші, шекарашы сарбаздарының заттарын тауып топтастыру.

**Тәрбиеші:** Балалар бойымызды сергітіп алу үшін, сергіту сәтін қимылды ойынмен жалғастырайық.

**Сергіту сәті:** «Жалаушаны түсі бойынша орналастыр» қимылдық ойыны.

**Ойын шарты:** Балалар екі топқа бөлініп, тәрбиешінің көрсеткен жалаушасын түсі бойынша келесі ыдысқа шапшаңдықпен салу керек.

**Тәрбиеші:** Балалар жаңа айтқандай Отан қорғаушылар мерекесінде шеру болады. Кешке немесе түнде аспанда отшашу ұйымдастырылады. Отшашу дегеніміз әртүрлі түсті от ұшқындарынан тұрады. Оны жерден аспанға, жоғары қарай атады. Бүгін сурет салу ұйымдастырылған оқу қызметімізде осы отшашудың суретін салатын боламыз. Сурет салуды бастамас бұрын саусақ жаттығуын жасап, саусақтарымызды жаттықтырып алайық.

**Саусақ жаттығуы.**

Достықта біздің күш.  
Оң қолымда бес саусақ,  
Сол қолымда бес саусақ.  
Оларды атап шақырар,  
Әрқайсысының аты бар.  
Бас бармақ, балаң үйрек,  
Ортан терек, щылдыр шүмек,  
Кішкене бөбек.  
Қорықпайтын ешкімнен,  
Ажырамас доспыз біз.

**Тәрбиеші:** Кәне балалар саусағымызды жаттықтырдық, енді сурет салуды бастайық. Отшашу жарық кезде көрінбейді. Сол үшін де отшашуды алдын ала кешкі немесе түнгі аспанның түсіндей қара көк түске боялған қағаз бетіне дәстүрден тыс әдіс бойынша салатын боламыз. Ол үшін қатты қағаздан жуан және жіңішке түтікшелер дайындалды. Сол түтікшелерді бояуға малып, қағаз бетіне бастырамыз. Бірінші жуанын сары түске бастырамыз да қағаз бетіне екі-үш жерге бастырамыз, одан соң жуан түтікшені алып қызыл түске малып, сары түстің жанына бастырамыз, келесі

жасыл түске кезек береміз.Осылайша үш түсті араластыра отыра отшашуымызды саламыз.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар. Бәріңнің салған отшашу суреті көз тартарлықтай әдемі шыққан екен.

Ұйымдастырылған оқу қызметімізді қортындылайық .Бүгін біздер кімдермен таныстық? Кімдер туралы білдік?

**Балалар:** Отан қорғаушылармен таныстық.Сарбаздар туралы білдік.

**Тәрбиеші:** Қандай сарбаздар болады екен?

**Балалар:**Теңізші,ұшқыш,шекарашы.

**Тәрбиеші:** Қандай сурет салдық?

**Балалар:** Мерекелік отшашудың суретін салдық.

**Тәрбиеші:**Жарайсыңдар балалар,бүгінгі оқу қызметіне жақсы,тамаша қатыстыңдар.Алға қарай да осындай білімді, ақылды қалыптарыңнан таймаңдар.Сендерге кішкене көңілді смайликтер үлестірейін. Рахмет.